

3

Жақсы отбасы –
шамшырақ

4

Еңбекпен
өркендеген ауыл

Сыр бойы

№126 (21002) 21 тамыз, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНЕ САПАР

22 тамыз күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Садыр Жапаровтың шақыруымен Қырғыз Республикасына ресми сапармен барады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Бішкекте мемлекеттер басшылары қазақ-қырғыз стратегиялық серіктестігі мен одақтастық қатынастарын одан әрі нығайту мақсатында келіссөз жүргізеді. Сондай-ақ президенттер Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысады.

БЮДЖЕТТІ ЖОСПАРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ұлттық экономика және бюджетті жоспарлау мәселелері жөніндегі жиын өтті.

Іс-шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғалин және басқа да лауазымды тұлғалар қатысты.

Ұлттық экономиканың қазіргі жай-күйі мен даму перспективасы, сондай-ақ 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлері туралы баяндамалар жасалды.

Талқылау барысында Мемлекет басшысы республикалық және жергілікті деңгейде қаржыны тиімді жоспарлау мен бөлудің маңызы зор екенін атап өтті.

Президент бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге, барлық әлеуметтік міндеттемелер мен өңірлердің ұзақмерзімді жоспарларын қаржыландыруға, сонымен қатар қаражатты мақсатқа сай бөлуге және игеруге баса назар аудару қажет деп санайды.

/// КӘСІП ПЕН НӘСІП

Қызылорда қаласының Талсуат елді мекенінде бекіре өсірумен айналысатын шаруашылық бар. Су маржандары мұнда тереңдігі 50 метр болатын жерасты ұңғымасы арқылы тазарту сүзгісінен өткен суда өсіріледі. Жуырда Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Ергешбаев ерекше жобаның жүзеге асырылу барысымен танысты. Біз де шаруашылық жайын шолып қайттық.

БАССЕЙНДЕ БЕКІРЕ ӨСІРЕДІ

«Хан Бекіре 11» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің иесі Ғалымжан Нағиев балық шаруашылығымен жеті жыл бұрын айналыса бастаған. Өзі құқық қорғау органында талай жыл еңбек етіп, подполковник шенімен отставкаға шыққан. Алғашқыда Сыр өңіріне тән сазан, дөңмандай, амур балықтарын өсіріп жүріпті. Бекіре шаруашылығына ден қойғалы небәрі екі жыл.

– Біздің өңірде бекіре 1964 жылы ресми түрде жойылған екен. Соны зерттей келе бұрын Арал теңізінде, Қамбаш көлінде болған балық түрін неге қайтадан өсірмексе деген ой келді. Алдымен оны Сырдарияның суында өсіруге бола ма, жоқ па, оның құрамындағы химиялық қоспаларға шыдай ма, жоқ па, соны байқап көру керек болды. Өзірге нәтиже жаман емес, – дейді кәсіпкер.

Ол алғашқы тәжірибесін Түркістан облысы Төлеби ауданының Ленгір қаласында өткізген. Өйткені бұл өңірде су таудан келеді, сондықтан таза болып есептеледі. Кейін игі бастаманы туған өлкесінде жалғастырды. Өткен жылы Талсуаттан арнайы нысан құрылысын жүргізіп, биыл мамыр айынан бастап бекіре тұқымды балық өсіруді қолға алды.

Кейіпкеріміз жасанды жолмен балық өсірудің артықшылықтарын саналап берді. – Уылдырық судың жиегінде жатады, толқын арқылы одан дернәсіл шығады. Ол шабаққа айналып, суды қалыпты деңгейде, яғни 20-25°C температурада ұстағанда ғана біртіндеп өседі. Егер дарияда өссе, анабиоз жағдайында болады, яғни уақытша ұйқыға кетеді. Табиғи жолмен 1 млн уылдырықтың 1 пайызы ғана өсіп шығады. Қалғаны өледі, жем болады.

2-бет

Суреттері
түсіріп
Тарбағай ГИРЖАУМАНЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖҮЛДІ

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН

Расында жұмыстың жаманы жоқ. Ынты-шынтыңмен ден қойып тұрақты қолға алған қандай еңбек болмасын, ел-жұрттың да, отбасының да алдында қашанда қадірінді арттырып, абырой биігінен көрінуіне ықпал етері анық.


Әйтеке би кентінде өмірге келген Өтекепов Беріктің бала күннен темір-терсекке құмарлығы өскен сайын еңбекке деген құлшынысын арттырып, 1985 жылы №17 орта мектепті тәмамдағаннан кейін ұзақ ойландырмай, Қызылорда қаласындағы №8 техникалық қыскамерзімді училищеге құжат тапсыруына ықпал етті. Негізі өмір жолындағы маңызды сәттерде шешім қабылдауда тұрақтылықтың орны ерекше екеніне талас болмаса керек. Беріктің де ұзақ жылдар бойы бір кәсіптің тізгінін ұстап тапжылмай келе жатқаны содан. Оқу орнынан алған техникалық білімін Қызылорда РМЗ жеңіл металл конструкцияларын өндіру кәсіпорнындағы төрт айлық еңбек тәжірибесімен ұштастырды. Темір-терсекке тамған тердің ашы дәміннің нәтижесі тұщы болатынын сезініп өскен жігерлі жастың еңбегі еш кеткен жоқ. Жиырмаға да келмеген жас жігіт өзегін талдырмайтын өмірлік ризық-несібіне жетерлік тәжірибе жинақтап шықты.

1986-1988 жылдары Ресейдің Ярославль облысында Отан алдындағы әскери борышын өтеп келгеннен кейін көп ойланбай, «ЛСІ-МК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесіне токарь болып жұмысқа орналасты.

– Өмірлік қалап алған кәсібің ешқашан жалқытырмайды екен, – дейді Берік Нұрманұлы. – Осы мекемеде токарь болып еңбек етіп келе жатқаным 35 жылдан асты. Мекемедегі жұмыс қарқынын механизмсіз елестету мүмкін емес. Солардың істен шыққан темір бөлшектерін кесу, тесу, жону, желінген ескісін қалыпқа келтіру, мүлдем жарамсызын жанадан жонып шығару, теңеумен айтқанда, конвейерлік жұмыс режимінің бір сәтке тоқтап қалмауына барынды салып ықпал ету, өзіңнен талап етілетін жауапкершілікке үнемі дайын болу.

Берік Нұрманұлы қарапайым еңбек адамы болса, жолдасы Айна сауда саласында. Өзі жоғары білім ала алмаса да, сол арманын Қызылорда қаласында заң саласында қызмет ететін ұлы Ғалым, Алматыда ұстаздық қызмет атқарып жүрген қызы Сара, Алматыдағы Асфендияров атындағы медицина университетінде оқитын қызы Жанна арқылы жүзеге асырғанына дән риза. Отбасы бақыты, еңбектің еленуі, қарапайым еңбек адамы ретінде абырой биігінен көріну дегеннің өзі осы емес пе?!

Әлімжан ҚИЯС

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// ДАРИЯ ДЕНГЕЙІ

КҮРДЕЛІ ЖАҒДАЙҒА ҚАРАМАСТАН ЕГІНДІ СУАРУҒА БАРЛЫҚ МҮМКІНДІК ЖАСАЛАДЫ

Биыл облыста вегетациялық кезең қалай өтіп жатыр? Сырдария өзеніндегі су деңгейі қандай? Су тапшылығы қайталануы мүмкін бе? Бұл сұрақтарға Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы жауап берді.



Фото ашық дереккөзден

Инспекция басшылығы мәлімдегендей, Су ресурстары және ирригация министрлігі күрделі гидрометеорологиялық жағдайға қарамастан, егінді қажет көлемде суару үшін барлық мүмкіндікті жасап отыр.

– 2025 жылғы вегетациялық кезеңнің басында еліміздегі су қоймалары орта есеппен 95%-ға толды. Вегетациялық кезеңде Қызылорда облысына 4,7 млрд текше метр су жеткізілді. Су лимиті 3 млрд текше метр болып белгіленді, бірақ каналдар арқылы одан көп су алынды. «Шардара» су қоймасына келетін су көлемі азайды. Дегенмен, егін суару маусымын аяқтау үшін қосымша 350-400 млн текше метр жеткізіледі. Оңтүстік өңірлерде каналдар арқылы кезекпен су беру кестесі бекітілді. Қызылорда облысына 53 сорғы жеткізу жөнінде келісім жасалды, – дейді инспекция басшысының орынбасары Сейіткасым Әбуов.

«Шардара» су қоймасында осы күні 235 млн текше метр су бар. «Қазгидрометтің» мәлімдеуінше, қоймаға секундына 200 текше метр, Сырдария өзенінің төменгі ағысына 150 текше метр су түсіп жатыр.

– Өткен жылдың желтоқсанынан бастап биылғы сәуірге дейін «Көксаарай» су реттегішіне 1 млрд 451 млн текше метр су жиналды. Вегетациялық кезеңде соның 1

млрд 391 млн текше метрі төменге қарай тасталды. «Көксаарайда» қалған судың көлемі – 20,02 млн текше метр. Бүгінгі күні облыстағы «Көктөбе» су бекеті арқылы секундына 270 текше метр, «Қызылорда» су торабынан 30 текше метр, «Қазалы» су торабынан 5 текше метр, «Ақлақ» су торабы арқылы 15 текше метр су келіп жатыр. Сонымен қатар каналдар арқылы «Қызылорда» су торабына дейін секундына 195 текше метр, «Қазалы» су торабына дейін 47 текше метр су алынууда, – дейді инспекция басшысының орынбасары.

2025 жылдың вегетациялық (сәуір мен қазан айлары аралығы) кезеңінде «Шардараға» 3 млрд 694 млн текше метр су келеді деп болжанған. 12 тамызға дейін соның 199 млн текше метрі келді. Мамандар биыл жауын-шашын аз түсіп, ауа райы қатты ыстық болатынын, ол құрғақшылыққа ұласатынын, су тапшылығы қайталануы мүмкін екенін топшылап отыр.

Валюта бағамы: \$ 538,57 kzt

€ 629,48 kzt

₸ 6,71 kzt

Ауа райы: Бейсенбі

☀️ +33°

🌙 +20°

Жұма ☀️ +30°

🌙 +20°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖҮГЕРІ ӨНДІРІСІ ЖЕТІЛЕДІ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Жаркент крахмал-сірне зауыты» компаниясының құрылтайшысы, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Закиржан Кузиевпен кездесті. Кездесуде Сыр өңірінде жүгері дақылын терең өңдеу мәселесі талқыланды.

– Өткен аптада Жаркент қаласына арнайы жұмыс сапарымен барып, зауыт жұмысымен таныстық. Кәсіпорынның негізгі өндірістік алаңдарын аралап, жүгеріден крахмал мен сірне өндіру технологиясын көрдік.

Қызылорданың агро-индустриалдық өңір екендігін ескеріп, осындай өндіріс орнын облыста ашуды ұсынамыз. Бұл мақсатта Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жанакорған аудандарынан егістік алқабына жақын

жерден зауытты орналастыруға қолайлы, белгіленген жер учаскелерімен танысып келдіңіздер.

Арнайы топ жасақталып, инженерлік инфрақұрылымға, теміржолға, экологиялық, санитарлық мәселелерге қатысты, тағы да басқа сұрақтарға жауап алдыңыздар.

Біз әрбір инвесторға қолданыстағы заңнама аясында жер телімін беруге, даму институттары арқылы қаржыландыру құжаттарын рәсімдеуге және әкімшілік қолдау көрсету бойынша

толық сүйемелдеуге әзірміз, – делі облыс әкімі.

Өз кезегінде Закиржан Кузиев бұл бастамаға қолдау білдіріп, бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

Айта кетейік, өңірде 286 мың гектар суармалы жер бар, оның 178,6 мың гектары инженерлік жүйеге келтірілген ауыспалы егіс алқаптары. Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы өнім көлемін екі есеге арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, облыста суды аз қажет ететін дақылдардың көлемі ұлғайып келеді. Мәселен, биыл жүгері 2 490 гектарға егіліп, өткен жылмен салыстырғанда 415 гектарға артқан.

«СБ» ақпарат

ТАПСЫРМА ТИЯНАҚТЫ ОРЫНДАЛУЫ ҚАЖЕТ

Көлік-транзиттік әлеуетті дамыту бойынша Президент тапсырмасын жүзеге асыру қажет. Бұл ретте ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында теміржол саласын дамыту мәселелері қаралды.

Жиында көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, сондай-ақ басқарма төрағасы – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басшысы Нұрлан Жақыпов пен «Қазақстан темір жолы» ҰК) АҚ басшысы Талғат Алдыбергенов мәлімдеме жасады деп хабарлайды Үкіметтің баспасөз қызметі.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігін деректері бойынша машина жасаудағы теміржол саласының үлесі 13%-ға жетеді. Өндіріс көлемі 599 млрд теңгеден асып отыр, ал 60 кәсіпорында 8 мыңнан астам адам жұмыс істейді.

«Мемлекет басшысы Қазақстанның көлік-транзиттік әлеуетін дамыту бойынша нақты міндеттер қойды. Теміржол тасымалы нарығы жыл өткен сайын бәсекеге қабілетті болып келеді. Осы ретте транзиттік хаб ретінде позициямызды нығайту үшін біз инфрақұрылымның мүмкіндіктерін белсенді түрде арттыруымыз қажет. «Осал тұстарды», атап айтқанда шекара маңындағы аудандардағы талапқа сай келмейтін жерлерді ретке келтіру қажет», - деді Үкімет басшысы.

Сондай-ақ транзиттік тасымалдау көлемін, әсіресе «Шығыс-Батыс» бағыты бойынша арттыра түсу керектігі атап өтілді.

Биыл «Достық-Мойынты» (836 км)

және «Алматы қаласының айналма жолы» (75 км) сияқты ірі жобаларды жүзеге асыру аяқталады. «Дарбаза-Мақтаарал», «Бақты-Аягөз» теміржол желілері салынууда. Бұл жобаларды белгіленген мерзімде аяқтау керек.

Олжас Бектенов атап өткендей, бұл бастамаларды уақытылы аяқтау күрделі учаскелер мен ірі түйіспелі тораптар желісінің жүктемесін азайтып қана қоймай, жүктердің транзитін де едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өткізу қабілетін арттыру мақсатында «Мойынты-Қызылжар», «Алтынкөл-Жетіген», «Бейнеу-Маңғыстау» учаскелерінің құрылысы мен жаңғырту жұмыстары басталған. Премьер-министр оларға бақылауды күшейтіп, уақтылы пайдалануға беруді тапсырды.

Кейінгі уақытта отандық вагон жасау зауыттарында заманға сай әрі жайлы жолаушылар вагондарын шығаруда ілгерілеу бар. Бұл ретте жүк вагондарын шығару және ауыстыру жұмысын да жандандыру қажет. Осыған орай тиісті министрлік пен компанияға тапсырма берілді.

Көлік, Қаржы министрліктері Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесіп, шекарада жедел әрі сапалы мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде шаралар қабылдауды қажеттігі де ескертілді.

Қ.ӘБШ

БАССЕЙНДЕ БЕКІРЕ ӨСІРЕДІ

Ал арнайы аппараттың көмегімен 50 пайыздан 80, кейде 90 пайызға дейінгі аралықта шығаруға болады. Өйткені мұнда оны жеп қоюы мүмкін жәндіктер, жыртықштар жоқ. Сыр бойы, Каспий маңында балықты бұрын негізінен жабайы түрде аулап, өткізумен айналысқан. Қазіргі күні балық қорының азаюы салдарынан оны жасанды жолмен көбейтуге тура келеді. Мұның тиімділігі сол, балықтың қорегі, жағдайы қалағаланады, – дейді Ғалымжан Нәгиев.

Шаруашылық нысанында қазіргі күні 5 мыңдай шабақ бар. Табиғи газ, су, электр жарығы жеткенімен бассейн тарлық етіп тұр. Ал бұл су маржанының өсу қарқынын төмендетеді. Осыған дейін өз қалтасынан 18 млн теңге қаржы жұмсаған ол мемлекет көмегінен дәмелі. «Аманат» партиясының «Ауыл аманаты» жобасына қатысу үшін құжат өткізіп те қойған. Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған бағдарлама аясында кәсібін дөңгелентіп отырғандарға жеңілдітілген шартпен 31 млн теңгеден астам несие беру көзделген.

1-бет

Қаржылай мүмкіндікке қол жеткізген жағдайда нысанды инфрақұрылыммен жабдықтап, бекіренің барлық түрін өсіруге ниетті. Тасуат ауылдық округінің әкімі Ерлан Бейсенбаев алдағы уақытта кооператив нысаны орналасқан көшеге тас төсеу жоспарланғанын айтып отыр.

– Несие берсе, қолымыз ұзарып, айналымымыз ұлғаяр еді. Егер «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ұсынған жобамыз өтсе, электр энергиясы мен суды үнемдеуге мүмкіндік туады. Суды қайтадан тазалап құю арқылы суың ретке дейін пайдалануға болады. Мысалы, 1 тонна балық шығару үшін кемінде 500 мың текше метр су қажет болса, бұл жағдайда су едәуір үнемделеді, – дейді кооператив иесі.

Бекірені әдетте «балықтың патшасы» деп атайды. Өте бағалы балық болғандықтан кәсіптік маңызы зор. Қара уылдырығы мен құнарлы әрі сіңімді еті әлемдік деңгейде өте жоғары бағаланады. Нарықтағы құны қымбат, келісі 10 мың теңге шамасында.

– Балалардың ішінде күрт неден пайда болады, таза емес өнім

жегеннен. Америка, Еуропа халқы неге сазанды емес, дәл осы бекірені жейді? Бұл балықтың ерекшелігі, денесі күрт, микроб қабылдамайды. Керісінше адам ағзасына пайдалы дәрумен өте көп. Сондықтан ең таза балық болып есептеледі. Мұнда басқа балықтардағы сияқты тікен болмайды, тек шеміршек бар. Сүбе ет есебінде жүреді. Бекіре – балықтардың ішіндегі әлсізі. Салмағы 5 грамнан асқасын ғана иммунитеті жоғарылай бастайды. Ауырған жағдайда қарап, тексеріп, емдейміз. Балықтың жемі ретінде Иран, Қырғызстан, Германия, Алматыдан шыққан өнім түрлерін қолданамыз. Күнне 4 сағат сайын 6 рет жем беріледі, – дейді кәсіпкер.

Бекіренің табиғатта ұрық шашып, көбеюі қиындау. Өйткені асытұқымды балықтар тек бірнеше жылдан кейін ғана уылдырығы шашып, көбейеді. Кейіпкеріміз бассейндердегі балықтар алдағы жылдары-ақ салмақ жинап, халық тұтынатын өнімге айналуы мүмкін екенін жеткізді.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

ЖОБА

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ИРРИГАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОЛЛЕКТОРЛЫҚ-ДРЕНАЖДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының Су кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 114-бабының 3-тармағына және «Ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелерді пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің міндетін атқарушы 2025 жылғы 24 шілдедегі №181-Н бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №36506 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелерді пайдаланудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Н. НӘЛІБАЕВ

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы «__» _____ № _____ қаулысымен бекітілген

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ИРРИГАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОЛЛЕКТОРЛЫҚ-ДРЕНАЖДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Қызылорда облысының ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелерді пайдаланудың қағидалары (бұдан әрі-қағидалар) Қазақстан Республикасы Су кодексінің 114-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелерді пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелер магистральдық, шаруашылықаралық және шаруашылықішілік болып бөлінеді.

3. Мемлекетаралық, өңіраралық және ауданаралық маңызы бар магистральдық жүйелер мемлекеттік меншікте болады, шаруашылықаралық жүйелер жеке меншікте болуы мүмкін.

4. Ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелерді пайдаланудың негізгі мақсаты топырақ пен ауыл шаруашылығы дақылдарының нормативтік қажеттілігінің ерекшеліктерін ескере отырып, суармалы жерлердің мелiorативтік топырақ режимдерін реттеу үшін гидрометририялық жағдайлар жасау болып табылады.

5. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы жөндеу - көтергіш элементтерді қоспағанда, жүйелер конструкциясының жекелеген элементтерін ауыстыруды немесе қалпына келтіруді көздейтін жұмыстар кешені;

2) жобалау ұйымы - объектіні (құрылысты) немесе жүйелерді жобалау жөніндегі мамандандырылған кәсіпорынды жобалаған кәсіпорын;

3) күрделі жөндеу - жүйелер конструкциясының көтергіш элементтерін ауыстыруды немесе қалпына келтіруді көздейтін жұмыстар кешені;

4) пайдалану - ол мақсаты бойынша пайдаланылатын, жарамды күйде ұсталатын және құрылыс жобасында айқындалған бастапқы параметрлерді сатып алғанға дейін қалпына келтірілетін жүйелердің өмірлік циклінің кезеңі;

5) пайдалану режимі - құрылыс жобасында айқындалатын немесе оларды пайдалану процесінде белгіленген параметрлері бар жүйелерді мақсаты бойынша пайдалану қарымдылығы;

6) пайдалану шарттары - оларды пайдалану кезінде жүйелерге әсер ететін факторлардың жиынтығы;

7) реконструкциялау - жана пайдалану режимі кезінде жүйелердің параметрлерін қалпына келтіру, жақсарту немесе олардың мақсатын өзгерту жөніндегі жұмыстар кешені;

8) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) - су қорын қорғау және пайдалану саласындағы басшылықты және саалааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

9) су объектісі - сарқынды сулардың жинақтауыштарын қоспағанда, шекаралық, табиғи немесе реттелетін су режимі бар сулардың құрлықтық табиғи немесе жасанды рельефтерінде не жер қойнауында тұрақты немесе уақытша шоғырлануы;

10) ирригация жүйелері - ауыл шаруашылығының өнімділігі мен құрғақшылыққа төзімділігін арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы алқаптарын жасанды суаруға арналған инженерлік құрылыстардың, жабдықтар мен құрылғылардың жиынтығы;

11) коллекторлық-дренаждық жүйелер - суару массивінен тыс олардың артық көлемін бұру жолымен жер асты суларының деңгейін төмендетуге арналған дренаждық жүйелер;

12) техникалықжай-күйі - пайдалану процесінде өзгеріске ұшыраған, белгілі бір уақытта бақылаулармен белгіленген белгілермен сипатталатын жүйелер параметрлерінің жиынтығы;

13) техникалық қызмет көрсету - жүйелерді мақсатына қарай пайдалану үшін олардың жарамдылығы мен жұмысқа қабілеттілігін қолдау жөніндегі жұмыстардың күнделікті кешені (реттеу, майлау, болтты қосылыстарды бекіту, арианың түбін және еністерін өсуден және шөгуден жергілікті тазалау, сондай-ақ су шығарғыштарды, суды есепке алуға арналған құрылғылар мен құралдарды, көпір құбырларын, арналық пайдалану құралдарын таза және жарамды ұстау жолдар мен жолақтар);

14) гидрометриялық бекет - су объектілерінің режимі туралы жедел және ұзақ мерзімді деректерді алуды қамтамасыз ететін жер үсті суларын бақылау желісінің элементі.

6. Жүйелерді пайдалануды жеке немесе заңды тұлғалар меншік, мүлкітік жаллау (жалға алу) не сенімгерлік басқару құқығымен жүзеге асырады, бұл ретте пайдалану Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі - меншік иесі) сәйкес тиісті шарттарда белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырылады.

2 ТАРАУ. ИРРИГАЦИЯ ЖҮЙЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

7. Ирригациялық жүйелерді пайдалану процесінде келесі шарттардың сақталуы қамтамасыз етіледі:

1) арналардың, құбырлардың, сорғы станцияларының және тарату құрылыстарының техникалық жарамдылығы;

2) арналардың осун, толып кетуін, деформациялануын және жобалық өткізу қабілетінің жоғалуын болдырмау;

3) су беру кестесіне сәйкес бекітілген су режимін сақтау;

4) берілген және пайдаланылған дейін тоқтауға болады, және дәйексіз есебін ұйымдастыру;

5) сүзуге, ағызуға және ағып кетуге судың жоғалуын азайту.

8. Сумен жабдықтау кестесі келесіні ескере отырып әзірленеді:

1) суармалы учаскелердің орналасу схемалары;

2) ирригациялық арналардың жобалық өткізу қабілеті;

3) егіс құрылымдары және суарудың агротехникалық нормалары;

4) суару техникасы мен суару жүйесінің пайдальы әсер ету коэффициенттері (тиімділік).

9. Суару жүйелерін реконструкциялау және күрделі жөндеу су беруді толық тоқтату үшін негіз болып табылмайды, арнада авариялық жағдай болған жағдайда барлық су пайдаланушыларды міндетті түрде хабардар ете отырып, су беруді ол жойылғанға дейін тоқтатуға болады.

10. Гидрометриялық бекеттерді пайдалану және оларға қызмет көрсету жөніндегі функциялар олардың иелеріне жүктеледі.

11. Гидрометриялық бекеттерді пайдалану процесінде:

1) Техникалық құжаттамаға сәйкес жабдықты тиісті түрде орнату және бекіту;

2) өлшеу аспаптарын үнемі тексеру, тазалау және калибрлеу;

3) бақылау журналдарында немесе цифрлық платформаларда деректерді тіркеудің сақталуы, дұрыстығы және кезеңділігі.

12. Гидрометриялық жабдық істен шыққан жағдайда меншік иесі Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі бассейндік су инспекциясын хабардар

ете отырып, ақаулықтарды анықтаған сәттен бастап 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде оның жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру немесе резервтік есепке алу құралдарын орнату бойынша дереу шаралар қабылдауы қажет.

13. Суару жүйелеріне техникалық қызмет көрсету олардың тиісті жағдайы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету, жобалау параметрлеріне сәйкес пайдалану сипаттамаларын сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

14. Ирригациялық жүйелерге техникалық қызмет көрсету шеңберінде келесі іс-шаралар орындалады:

1) суару арналарының және жүйенің басқа элементтерін арампшентерден, шөгінділерден, қоқыстардан және шламдардан тазарту;

2) қаптаманың, еністердің, түбінің және су бөлу құрылыстарының бүлінген учаскелерін қалпына келтіру;

3) ысырмаларға, көтергіш механизмдерге, шлоздерге және басқа да реттеуші құрылғыларға техникалық қызмет көрсету бойынша профилактикалық жұмыстарды жүргізу;

4) металл элементтердің коррозияға қарсы өңдеуді және бояуды орындау;

5) жүйенің тиімділігіне әсер ететін ағып кетулерді, ағып кетулерді және өзге де ақауларды жою;

6) пайдалану жолдары мен бөлу жолақтарын тиісті жағдайда ұстау;

7) ветагациялық кезең аяқталғаннан кейін маусымдық консервациялау жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

15. Техникалық қызмет көрсету нәтижелері пайдалану құжаттамасына (техникалық байқау журналдары, орындалған жұмыстар актілері, профилактикалық іс-шаралар кестелері) енгізіледі.

16. Меншік иесі қамтамасыз етеді:

1) сорғы қондырғыларының жұмысын тәулік бойы бақылау;

2) суды қосудың, ажыратудың және беруді реттеудің белгіленген режимін сақтау;

3) сорғы жабдығына регламенттік және жоспардан тыс тексерулер, ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу, оның ішінде станцияның маусымдық пайдалануға дайындау (көктемгі іске қосу, күзгі консервациялау);

4) электрмен жабдықтау, жылыту, дренаж, желдету және автоматика жүйелерін жарамды күйде ұстау;

5) негізгі тораптар мен агрегаттар резервінің болуы.

17. Сорғы станцияларын пайдалану кезінде келесідегідей тәуекелдердің алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар көзделеді:

1) кенеттен электр қуаты өшкенде немесе су беру режимі бұзылғанда гидравликалық соққылар;

2) электр желілеріндегі қызып кету және қысқа тұйықталу;

3) сорғы бөлігінің су басуы;

4) горлардың, сүзгілердің және ысырма құрылғыларының бітелуі;

5) ишіндеттерді тіркеу журналын жүргізу және айдың ар онкүндіінде профилактикалық жұмыстар жүргізу қажет.

18. Меншік иелері оқиғаларды тіркеу журналын жүргізіп, айдың ар онкүндіінде профилактикалық жұмыстар жүргізуі керек.

19. Суару маусымы аяқталғаннан кейін сорғы станциясының консервациясы жүзеге асырылады, оның ішінде:

1) сорғылардан, құбырлардан және бекіту арматурасынан суды ағызу;

2) электр қуатын өшіру және тораптарды ағызу;

3) профилактикалық жұмыстар мен жоспарлы ревизия жүргізу.

20. Сорғы станциясын консервациялау суару маусымында су беру аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Сорғы станциясын консервациялау нәтижелері бойынша орындалған іс-шаралардың тізбесін көрсете отырып, жауапты мамандар (инженер, электрик, оператор) қол қойған акт жасалады;

Акт сорғы станциясының техникалық құжаттамасына қоса тіркеледі.

21. Қысқы кезеңде жұмыс істейтін станцияларда:

1) үй-жайлар мен жабдықтарды жылу оқшаулау және жылыту шаралары;

2) мұздан, қардан, қоқыстан тазарту;

3) электрмен қоректендірудің және айдаудың авариялық схемаларын тексеру және дайындау.

3-ТАРАУ. КОЛЛЕКТОРЛЫҚ-ДРЕНАЖДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

22. Коллекторлық-дренаждық жүйелерді пайдалану жер асты суларының деңгейін реттеуге және дренаждық суларды бұру арқылы суармалы жерлердің қайталама тұздану, батпақтану және тозу процестерін болдырмауға бағытталған.

23. Коллекторлық-дренаждық жүйелерді пайдалану кезінде:

1) тік дренаж ұңғымаларының, көлденең дренаждардың, коллекторлардың, су бұру арналарының, сорғы станциялары мен құрылыстарының техникалық жарамдылығы;

2) дренаждан, суармалы жер учаскесінен тыс артық ылғалды уақытылы алып тастау;

3) бітелуден, өсіп кетуден және лайланудан тазарту;

4) жер асты суларының нормативтік деңгейін ұстап тұру;

5) энергиямен қамтамасыз ету және автоматтандыру жүйелерінің жұмыс істеуі.

24. Тік дренажды пайдалану болған жағдайда жүзеге асырылады:

1) қашықтан мониторинг және басқару жүйелері;

2) сорылған суды есепке алу аспаптары;


3) әрбір ұңғымаға арналған техникалық құжаттама.

25. Коллекторлық-дренаждық жүйелерге техникалық қызмет көрсету дренаждық инфрақұрылымның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, су басудың, топырақтың қайталама тұздануының және суармалы жерлердің тозуының алдын алуға бағытталған.

26. Коллекторлық-дренаждық жүйелерге қызмет көрсету мыналарды қамтиды:

1) дренаждарды, коллекторларды, су қабылдау және шығару құрылыстарын бітелулерден, шөгінділерден және өзге де шөгінділерден тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

2) құбырлардың, қосылыстардың және жүйенің құрылымдық элементтерінің зақымдалған учаскелерін тексеру және жөндеу;



Жақсы азамат болу бар, сонымен бірге жақсы отбасы иесі болу да – үлкен мәртебе! Ол үшін мол байлық, үлкен лауазым, дүркіреген атақ-даңқ әсте керек емес. Бойда бар имандылық пен санагершілік сынды асыл қасиет осындай адами ақ жолға жетелейді, жақсы ғұмырдың шамшырағы болады. Бимен Еденбайұлы (1925-1981) мына жарық жалғанда тым қысқа ғұмыр кешсе де, артына сәулелі сөз, перизат пейіл қалдырған жаны жайсаң азаматтардың бірі болып өмірден озды. Сыр елінің топырағында жарық дүние дидарын көрді. Жанақорған ауданындағы «Төменарық» ауылының тумасы. Сыр топырағында туып, бар ғұмырын осында өткерді, арманды алыстан іздемеді. Ақпейіл ағамызды көзі тірісінде қалай сыйласа, өмірден озған соң да, тіпті осы күнге дейін көз көрген жандар сағына еске алып, жарқын бейнесін жыр қылып әңгімелейтіні бар.

ЖАҚСЫ ОТБАСЫ – ШАМШЫРАҚ

Бимен Еденбайұлының өнегелі өмірі жайлы сыр

Өзім көзін көрмеген соң, ол кісі жайлы өз атымнан не айта алам? Бірақ Бимен ағаның асыл жары, Батыр Ана – Өшіркүл Биімбетқызын өте жақсы танып-білдім, тіпті бір жолы сағаттап сөйлескен кездеріміз де болған екен. Ағамыздың азаматтық бейнесі мен адами кескін-келбетін ашып көрсету үшін сол жолғы әңгімелесуді қайтанда еске түсіру керек болар, сірә!

..Өнебір жылы Өшіркүл апайымыз Астанаға қыдырып келе қалды. Кенже ұлы Мұрат пен келіні Гүлмираның шаңырағына тоқтапты. Қызметте жүрген кезіміз. Келгенін естідем де, арнайы соғып, сәлем беруге уақыт тапшы болып жатты. Күнде барам деумен күн артынан күн зырлай берді. Өшіркүл – өзім өте сыйлайтын, бір ауданды басқарған қайраткер азамат, Социалистік Еңбек Ері Орын-басар Бөйімбетовтің туған қарындасы. Қызылордада бір барғанында апайымызды ағаның үйінде көргенім де бар, ол да есте. Орынбасар ағамның «баяғы қиын күндерде осы қарындасым маған әрдайым қолдаушы да, қорғаушы да бола білді» деп арқасынан қаққанын да ұмытқам жоқ.

Кезекті күні жұмыста отыр едім, қарындасым Гүлмира телефон соқты. – Аға, сізді Өшкек көргісі келеді, – деді енесінің атын әшекейлеп. – Айтар өтініш, сөзім бар дейді. Үйге келе аласыз ба? – Жақсы, – дедім. Бұл сенбі күні болатын. Түстен кейін соғатынымды айттым. Сол уақытта келдім де, Мұрат іссапармен бір жаққа жолға шығып кетіпті. Дастарқан басына Өшіркүл апа, Гүлмира және мен – үшеуміз отырып, тәттілеп әзірлеген дәмге қарадық.

Шай үстінде бір терең әңгіме басталып жүре берді. Тап осы күні байқадым – Өшіркүл апайым өте сөзшен және шешен кісі екен. Түйдек-түйдек әңгіме, таусылмайтын тарих. Біз бүгінгі күнді ұмытып, қиялымыз арқылы өткен ғасырдың бас кезіне саяхаттап кетіппіз.

– Біздің әулет бастан кешкен қиын да тайғайты тағдыр жайында аз-кем хабардар шығарсың, Орынбасар ағам өзіңді жақсы көрді ғой, онаша сөйлескендеріңнің куәсін ғой, – деп алып, өзінің отбасы жайына ауысты. Сол кезде байқадым, Өшіркүл апайымының айтпағы өз жайы емес, мүлде басқа екен.

– Өзін де оқып-біліп жүрсін, сол уақыттарда дүниеге келген балалардың балалық шағы өте ауыр болды. Халықтың басына түскен зобалаң, қиыншылық, ашаршылық, таршылық ешкімді де аямады, жас балалардың да бақытын ұрлап кетті, – деп, бір тоқтады.

– Екем соғысқа кеткенде біз мүлде жас едік. Оркең он үш жасында ауыр еңбекке жегілді, мен де сондай жасымда қара жұмысқа араластым. Ой, Алла-ай, жаратқан ие де шебер-ақ кой! Мен Бимен ағаларымын жас кезінен білем, жасымыз да қарайлас. Бірақ өсе келе бас қоса қоярмыз деп ойлаппын ба? Оған тұрмысқа шыққаннан бастап, мен үшін ең бір саялы да бақытты күндер басталды десем де болады. Жайдары жан еді. Парасатты азамат еді. Өткен, өмірі қысқа болды, елу жастан аса бере баққа аттанып кетті...

Өшіркүл Биімбетқызы әрі қарай өмірлік жолдасы туралы асықпай баян қылды. Бимен Еденбайұлы төртінші сыныпты өте жақсы деген бағамен бітірсе де, әрі қарай оқуына жағдай болмаған. Алғашқы еңбек жолын 1942 жылы он алты жасында аудандағы «Горняк» қосалқы шаруашылығында есепші болып бастайды. Отан алдындағы борышын өтеу үшін, 1945 жылы Совет армиясы қатарына алынады да, содан 1948 жылы Армиядан оралады. Өзі туып-өскен ауылда еңбек жолын жалғастырып, 1951 жылы партия қатарына өтіп, қызыл билет (ол кезде бұның бағасы зор еді) алады. Сол жылы «Төменарық» ауылдық Кеңесінің хатшылығына сайланып, 1954 жылға дейін жұмыс жасайды. 1954-1956 жылдары Жанақорған аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып

жұмыс істеп жүріп, 1956-1958 жылдары «Төменарық» МТС-ның партбюро хатшысы қызметіне жоғарылатылады. Бірте-бірте білімін де жетілдірді, 1960-1962 жылдары Талғардағы ауылшаруашылық техникумында, 1958-1962 жылы Алматы жоғары партия мектебінде оқыды. Партия мектебінде оқып жүргенде, кейіннен Целиноград облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Морозов Николай Ефимович, айтулы азаматтар – Құрманш Баязитов, Ешкен Жексембинов, тағы да басқа ел сыйлаған кісілермен жақсы араласады.

Жақсыға әрдайым да жол ашық. Бимен Еденбайұлының бұдан кейінгі мансап жолы да үнемі өсіп отырған. «Красная Звезда», «Сунаката», «Төменарық» шаруашылықтарында партия комитетінің хатшысы, Шиелі аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып жұмыс атқарады. Осы кезеңдерде қалың бұқара халықпен қым-қиғаш араласады, өзі де сый көріп, сыйласқан достары да мол болатын. Мысалы, Шиелде жауапты қызметте болғанда Мәлібек Санаубаев есімді азаматпен танысып, пікірлес болып, кейіннен арадағы байланыс отбасылық тату достыққа ұласады. Әсіресе, осы кезеңдерде жер аударылып келген корей ұлтының адамдарының тұрмыстық жағдайын жақсартуға, экономикалық-әлеуметтік адаптациядан өтуіне Бимен Еденбайұлы тікелей атсалысқан екен. Олармен де өте жақын дос бола біліпті. Өңгімесін жалғай түскен Өшіркүл апай әрі қарай былай деді: «Сол уақыттағы көріс жігіттері «Бимен Еденбайұлын біз қатты сыйлаймыз, құрмет тұтамыз, әсіресе бізге беріп жатқан көмегіне бәріміздің алғысымыз шексіз» деп үнемі айтып отыратын...».

– Аған, – деді Өшіркүл апай бір жөткірініп алып – 1971-1972 жылдары Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы және сатып алу жөніндегі мемлекеттік инспекциясының инспекторы болып жұмыс атқарды. Сонан соң Бесарық астық қабылдау кәсіпорнына басқарды. «Бесарықтың» әлеуметтік-экономикалық ахуалын көтеруге көп еңбек сіңірді. «Бесарық» – кішкене ғана ауыл болатын, мұнда мектеп жоқ. Бисекенін тікелей араласуымен «Бесарық» станциясында сегіз жылдық мектеп, тұрғын үйлер салынды. Тұрғын үйлер құрылысы кең өрістеп, ауыл дәулетті де сәулетті елді-мекенге айналды. Мектептің құрылысын жүргізу үшін, Бимен облыстық партия комитетіне, тіпті Қазақ КСР жоғары кеңесіне хат жолдап алға қойған жоспарын өткізу үшін көп тер төкті. Нәтижесінде «Бесарық» ауылында мектеп салынып, балалар ауылда оқи бастады. 1979 жылы Жанақорған астық қабылдау мекемесінің бастығы қызметіне ауысты да, өмірінің соңына дейін осы жерде еңбек етті. Отан алдындағы сіңірген еңбегі үшін, орден-медальдармен, мемлекеттік грамоталармен марапатталды. Бірнеше рет облыстық, аудандық партия комитетінің мүшесі, ауылдық, поселкелік Советтердің депутаты болып сайланды...

Біздің әңгімеміз негізінен өмірден ерте озған асыл азамат Бимен Еденбайұлының ғұмыры мен еңбек жолы жайында болып, бұрын сырттай ғана білетін ақпейіл азаматты анық тани түскен едім. Енді отбасындағы бейнесін де біле түскім келіп, Өшіркүл апайға тосын сұрақ қойдым.

– Бимен ағай үй жағдайында қалай еді? – дедім. – Ер азаматтың енесі отбасындағы өнегесімен де биіктеп көрінеді емес пе?

– Ол кісі өте балажан болды, – деді Өшіркүл апай. – Балаларының бәрін де жақсы көрді. Әрқайсысынан зор үміт күте сөйлейтін. «Бұлар әлі-ақ бір-бір шың болады, көр де тұр Өшіркүл!» деп, маған мақтаныш сезіммен қараған сәттері әлі есімде. Әрине, ұл-қыздары әке үмітін ақтады деп ойлаймын осы күні. Үлкеніміз

Серік – кеңшар директоры болды, Бекарыс, Ақарыс және Жанарыс та жауапты қызметтер атқарды. Тіпті ең кеңіміз осы Мұрат болса, өз ортасында әрдайым сыйлы болып жүр. Марат пен Қанаттың да өз орны бар. Құдайға шүкір, Ділдаш, Ботақоз, Аяқоз секілді қыздарымыз да бір-бір отбасылы, ұрпақ сүйіп, жақсы тәрбие беріп келеді.

Өшіркүл Биімбетқызы осы тұсқа келгенде аз-кем тоқтап, мүдіріп қалды да, кенет қайта жадырап:

– Мен осы жасымда бір нәрсені анық ұққан сыңайлымын! – деді қуанышты үмен. – Жақсы отбасы болу да – бір бақыт. Жақсы отбасы, керек десен, жақырап жанып тұрған шамшырақ сынды...

Осыдан соң ол кісі мені іздегендегі ең негізгі шаруасына қарай ойыса бастады. Сол жайынан сөз қозғауға көшті.

– Сені не үшін көргім келді? – деді. – Өзіне айтар өтінішім бар, анығында артар кішкене жүгім бар.

– Айтыңыз, құлағым сізде! – дедім мен де.

– Ағанның өмір-жолын тектен-тек еске түсіріп, сенің басыңды қатырып, қайталап ежіктеп отырғам жоқ, – деді. – Кеудемде бір арман бар. Сол арманы құрғыр жатсам да, тұрсам да маза бермейді.

– Ол не? – дедім, білгенше асығып. – Қандай арман, апасы?

– Менің Бименіміңн аты атаусыз қалып бара жатқандай. Құдай кешірсін, оның еңбегінің тең жарымын да жасамағандар осы күні құрметтеліп жатыр. Сыйлы болып жатыр. Әділдік деген болмас па? Айналайын, шамаң жетсе, менің Бименіміңн есімін мәңгі есте қалдыру жайында бір өтінішімді орындауға қолғабыс ет. Тілің жеткен жерге дейін аянып қалма. Осы бір соңғы өтінішімді жерге тастама. Жанақорған ауданы көлемінде не мектеп аты, не көше аты әйтеуір бір жерге есімі берілсе деймін. Сол күнді өз көзіммен көрсем деймін...

Арада, міне, тағы да бірталай жылдар жылжып өтіп барады. Бір кеш отырып, әңгіме-дүкен құрған абзал ана Өшіркүл Биімбетқызы да бұл күнде жарық жалғанда жоқ. Өзіне сенімді тірек, сүйікті жар болған Бимен Еденбайұлын қатты сағынды ма, ертерек бақи дүниеге аттанып кетті, екеуі әлдеқашан табысқан да шығар! Жарын соншалық құрметтеп, еңбегінің ескерілмей жатқанына шырылдаған әккерүрек ана бейнесі менің ойымда көп уақыт сақталып тұрып қалып еді. Неткен өнеге! Неткен сый-көңіл! Не деген өшпейтін ізгі ниет! Баяғының адамдары дерміз бе? Жо-жоқ, олай емес, бұл – жан жарына, қимас жанға деген ыстық ықылас, өмірі суымайтын сыйластық! Тіпті, керек десеніз, осы заманда қалдрі каша бастаған махаббат деген асыл ұғымның өмірдегі тас тұғырдай тұрақтап қалған, бұлжымас мысалы болмас па! Ақ жүрек ана бейнесі есіме түссе, елжірей айтқан әрбір сөзі де кеудемде қайтанда жаңғырады. Әсіресе, өнебір өтініш-тілегі...

Несі бар, еліне де, жеріне де еңбегі молынан сіңген, маңдай терін тамшылата жүріп қызмет жасаған Бимен Еденбайұлы секілді абзал жандар өмірде көп пе? Ендеше, жан жары шырылдап айтқан тілек-сөз де, арман-ниет те артық деуге болар ма?

Осыдан біраз бұрын Бимен Еденбайұлының кіндік қаны тамған «Төменарық» ауылындағы бір көше осы азаматтың есімімен аталғаны жайлы пішім шықты. Ақ пейіл ана өтініші кешігіп болса да, ақыры орындалды. Тек бір ғана өкініш – осы бір жағымды жаңалықты Өшіркүл Биімбетқызы өз құлағымен естімей кеткені. Әйтпесе, жас баладай қуанып, жаулығы жел-желіп етіп, ағайын-туысқа хабар беріп, тіпті бүкіл ел-жұртынан шүйінші сұрар ма еді, қайтер еді?..

Жолтай ӘЛМАШҰЛЫ

ПАЙДА ОЙЛАМАЙ, АРДЫ ОЙЛАҒАН...



Биыл Сыр елінің біртуар азаматы, Қазалы мен Жалағаш аудандарының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, абыз ақсақал атанған Қаһарман Тоғызбайұлы Табынбаевтың дүниеден өткеніне бес жыл толып отыр.

Қаһарман Тоғызбайұлы 1936 жылы 8 наурызда Жалағаш өңірінде дүниеге келді. Соғыс пен соғыстан кейінгі ауыр жылдарда балалық шағы өткен ол жастайынан еңбекпен шыңдалып, адалдық пен төзімділікті өмірлік серік етті. Әкесі Тоғызбай ақсақал ұрпағына халық даналығын, елге қызмет етудің қымбаттығын өнеге етіп қалдырды.

1959 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын тәмамдаған Қаһарман аға еңбек жолын қарапайым мамандықтан бастады. Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясында, қарақөл қой совхозында, колхоздарда бас зоотехник болып жүріп, ауылдың тұрмысын жақсартуға күш салды. Еңбектің әр сатысынан өтіп шыңдалған азаматтың білімі мен тәжірибесін ел бағалап, жоғары жауапкершілікті қызметтерге ұсынды.

1967 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірген соң Қызылорда облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, Жалағаш аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болды. Кейін Қазалы және Қармақшы аудандарының бірінші хатшысы болып, халықтың сенімін толық ақтады.

Қай жерде еңбек етсе де Қаһарман Тоғызбайұлы қарапайым халықтың жағдайын жақсартуға, еңбек өнімділігін арттыруға, шаруашылықты дамытуға ғылымды енгізуге ұмтылды. Жүйелі ұйымдастырушылығының арқасында үлкен құрметке бөленді. Қызметтестері мен замандастары оны «еңбеккер, тұрашыл, әділ басшы» деп бағалады.

Оның елге сіңірген еңбегі мемлекет тарапынан да лайықты бағаланды. Қаһарман аға «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендерімен, бірнеше медальдармен

марапатталды. Алайда ол ешқашан марапатқа масайрамады, «адамның ең үлкен бағасы – халқының құрметі» деп есептеді.

Қаһарман ағаның тағы бір ерекшелігі – әділдігі мен шыншылдығы еді. «Тура биде туған жоқ» деген қағиданы берік ұстанған ол, қандай жиын болмасын кемшілікті жасырмай ашық айтып, қоғам үшін қажет істі қорғады. Оның әділетті сөзі талайдың көкейіне демеу, жанына қуат болған.

Өмірлік серігі Ерші Рүстемқызымен бірге алты баланы тәрбиелеп, өнегелі әулеттің керегесін кеңейтті. Бүгінде ұрпақтары елге қызмет етіп, әкенің аманатына адалдық танытып келеді. Қаһарман аға отбасында мейірімді әке, дарқан көңілді ата болса, ел алдында адал еңбегімен абыз атанған ел ағасы болды.

Қаһарман Тоғызбайұлының ғұмырлық ұстанымы – «пайда ойламай, арды ойлау» еді. Ол мал-дүние жинауды мақсат етпей, бар саналы ғұмырын халқының игілігіне арнады. Өмір бойы қарапайымдылығынан айнаымай, ел мүддесін бәрінен биік қойып өтті.

Оның жүріп өткен жолы – адалдық пен парасаттылықтың, елжандылық пен әділдіктің айқын үлгісі. Еліне адал қызмет етудің нағыз өнегесін көрсеткен азаматтың жарқын бейнесі ел есінде мәңгілік сақталары анық.

Бүгінгі ұрпақ үшін Қаһарман Тоғызбайұлының өмірі – үлкен мектеп, мәңгілік сабақ. Өмірінің соңғы сәтіне дейін елмен бірге болған абзал жан. Артында қалған ұрпағы да, ағайын-туғаны да, елі де оның өнегелі ғұмырын мақтан тұтады.

Б.САЙМАҒАНБЕТОВ,
ҚР Мәдениет қайраткері

/// ДЕНСАУЛЫҚ

ЖҮРЕКТЕГІ СІРЕК КЕЗДЕСЕТІН ІСІКТІ АЛЫП ТАСТАДЫ

Қызылорда көпбейінді облыстық ауруханасында ашық жүрекке сірек кездесетін ота жасалды. Дәрігерлер миксома деп аталатын қатерсіз ісікті алып тастады.

Пациент Зәуре Асанованың іш қуысындағы негізгі артериялардың бірі бітеліп қалып, хи-налайын, шамаң жетсе, менің Бименіміңн есімін мәңгі есте қалдыру жайында бір өтінішімді орындауға қолғабыс ет. Тілің жеткен жерге дейін аянып қалма. Осы бір соңғы өтінішімді жерге тастама. Жанақорған ауданы көлемінде не мектеп аты, не көше аты әйтеуір бір жерге есімі берілсе деймін. Сол күнді өз көзіммен көрсем деймін...

Дәрігерлер ісікті солайымен алып тастады.

Ота сәтті өтті. 49 жастағы пациент қазір медициналық оңалту сатысында.

Тынысым тарылып, басым айнала беретін, аяқтарым ұйып қалады. МӘМС аясында тегін ота жасалып, жағдайым жақсарды. Дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне әсідану арқылы ашық жүрекке жоғары технологиялы ота жасалды.

Аурухананың кардиохирургия бөлімінің меңгерушісі Берік Дәуітбаевтың айтуынша, миксома – сірек кездесетін патология, мұндай ота облыста жылына 1-2 рет ғана жасалады.

– Құны – 3,5 миллион теңге. Барлық шығын әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының есебінен өтеледі. Жыл басынан бері ашық жүрекке шамамен 70 ота жасадық. Оның көбі аортокоронарлық шунттау мен жүрек қапқақшаларын ауыстыру, – дейді Берік Дәуітбаев.

«СБ» ақпарат

Хабарландыру

«ШалкияЦИНК ЛТД» АҚ 2025 жылы 24 қыркүйекте сағат 15:00-де Қызылорда облысы, Жанақорған ауданы, Шалкия а.о., М. Шокай көшесі 7 үйі (Мәдениет үйі) мекен-жайында 2026-2035 жылдар аралыған «Шалкия» кен орны экологиялық әсер етуге рұқсат алу үшін ашық жиынылыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. (Өсер ту радиусы: Жанақорған ауданы аумағында (координаттары: 67°23'20", 44°0'50"). Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Біріншай экологиялық порталда, сондай-ақ «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және жер қойнауын пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі, мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан к., №1., эл. пошта: Prd@korda.gov.kz тел.: +7 (7242)-60-53-62.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар келесі сілтеме бойынша онлайн режимінде өткізіледі:

2025 жылғы 24 қыркүйек сағат 15:00: <https://us05web.zoom.us/j/83677911315?pwd=gUYKVBW56clYyagNZnkvGZuzPqr0Vw1.1> Конференцияның идентификаторы ID: 836 7791 1315

Кол жеткізу коды: хебб15 Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «ШалкияЦИНК ЛТД» АҚ, БСН 010440003931, Қызылорда облысы, Жанақорған ауд., Шалкия а.о., Шалкия а., М. Шокай, 32, тел.: – 8 (724) 357-9107 e-mail: info@zinc.kz

Әзірлеуші: «ҚазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қ.Мұхамеджанов көш. 21 үйі, офис 7/32, тел.: 8-705-723-53-63, e-mail: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://nbdecology.gov.kz/jәне/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru> танысуға болады.

Объявление

АО «ШалкияЦИНК ЛТД» сообщает, что в 15:00ч 24 сентября 2025 года по адресу: Кызылординская область, Жанақорганский район, с.о.Шалкия, ул М.Шокай д.7 (Дом культуры) состоится общественные слушания на получение экологического разрешения на воздействие для месторождения «Шалкия» на 2026-2034 гг. в форме открытого собрания.

Радиус воздействия – на территории Жанақорганского района (координаты: широта 67°23'20", 44°0'50").

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования недропользования Кызылординской области», по адресу: г.Кызылорда, ул. Бейбарыс Сұлтан, 1., эл. адрес Prd@korda.gov.kz тел.: +7-(7242)-60-53-62.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме по ссылке:

В 15 час. 00 мин. 24 сентября 2025 года <https://us05web.zoom.us/j/83677911315?pwd=gUYKVBW56clYyagNZnkvGZuzPqr0Vw1.1> Идентификатор конференции: 836 7791 1315 Код доступа: хебб15

Инициатор намечаемой деятельности: АО «ШалкияЦИНК ЛТД», БИН010440003931 Кызылординская область, Жанақорганский р.н., Шалкиянский с.о., с.Шалкия, М.Шокай, 32, тел.: 8 (724) 357-9107, info@zinc.kz.

Разработчик: ТОО «ҚазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787, Республика Казахстан, г. Астана, ул. К. Мухамеджанова дом 21 к 7 оф 32, тел.: 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

«С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://nbdecology.gov.kz/> и сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru>

Сырдың бойындағы іргелі елді мекендердің бірі – Қызылөзек. Ғасырға жуық тарихы бар бұл ауыл кеңестік кезеңде қаракөл қой өсірумен елге танылған. 1956 жылы ет бағытындағы совхоз болып құрылып, араға алты жыл салып қаракөл қой өсіруге мамандандырылған шаруашылыққа айналады. Сол жылдары ауылда 45 мыңнан астам қой, мыңнан аса жылқы мен түйе өсіріліп, жылына 3 мың центнерге дейін ет өндірілген. Бұл жетістіктер өңірдегі ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне зор үлес қосты.

Бір кездері Қараөзек болыстығының №2 ауылы аталған елді мекен 1993 жылы ресми түрде округ мәртебесін иеленіп, 1997 жылдан бастап Қызылорда қаласының құрамына енді. Бүгінде ауылдық округ құрамына Қараөзек, Айнакөл және «Қараөзек» бекеті қарайды. 629 отбасы түтін түтетіп отыр.



ЕҢБЕКПЕН ӨРКЕНДЕГЕН АУЫЛ



Ауыл инфрақұрылымы жаңаруда

Халқының еңбекқорлығымен аты шыққан Қызылөзек қазіргі таңда жаңа белестерге қадам басып келеді. Инфрақұрылым жұмыстары жолға қойылған, кәсіпкерлік қанат жайып, әлеуметтік сала да ілгерілеу байқалады. Мәселен, осы күнге дейін 3 елді мекенде электр желілерінің тозығы жетіп тұрған. Себебі ескі электр желілері 1960 жылы жүргізілген. Өткен жылдан бастап түйткілді мәселенің түйіні тарқатылып қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынды.

Одан бөлек «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде ұзындығы 3 шақырымды құрайтын Д.Сариев және Ж.Жабаев көшелеріне күрделі жөндеу жүргізілсе, ұзындығы 3,2 шақырым болатын тағы 3 көше

ланысты, өткен жылы қуаты 18,5 кВт және 3 кВт қондырғылар сатып алынды. Алдағы уақытта көнерген насостардың орнына жаңасы орнатылып, ауыл тұрғындарына тұрақты су жеткізу қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге, ауыл әкімдігі меншігіндегі дизельдік-насосық қондырғылар «Сырдария» және «Қараөзек» арналарына қойылған. Бұл арқылы «Айнакөл» және «Қараөзек» бекетіне, егістікке қажетті аяқсу үздіксіз беріледі.

Ауылда жарықтандыру жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Бұл мақсатта бюджеттен 3 млн 920 мың теңге қаражат бөлініп, Қорқыт ата көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылды. Нәтижесінде ауылдағы 21 көшенің 18-і толықтай жарықпен қамтамасыз етілді.

– Ауыл халқы үшін тағы бір қуанышты жаңалық – тұрғындардың сұранысын ескере отырып, «Қараөзек» бекетінде бюджеттен 5 млн теңге қаражат қаралып, қазіргі таңда жобаса қатысты мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Сонымен қатар, Жеңістің 80 жылдығына орай Қараөзек ауылындағы «Тағзым алаңына» ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды. Алаң аумағына қала орталығынан босаған брусчатқалар төселіп, көркі айшықтала түсті. Алдағы уақытта алаңның қоршауларын жаңарту да жоспарға енгізілген, – дейді ауыл әкімі.

“

– Ауыл халқы үшін тағы бір қуанышты жаңалық – тұрғындардың сұранысын ескере отырып, «Қараөзек» бекетінде бюджеттен 5 млн теңге қаражат қаралып, қазіргі таңда жобаса қатысты мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Сонымен қатар, Жеңістің 80 жылдығына орай Қараөзек ауылындағы «Тағзым алаңына» ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды. Алаң аумағына қала орталығынан босаған брусчатқалар төселіп, көркі айшықтала түсті. Алдағы уақытта алаңның қоршауларын жаңарту да жоспарға енгізілген, – дейді ауыл әкімі.



жөндемек. Жуырда Айнакөл-1 көшесі асфальтталса, алдағы уақытта М.Жабағыұлы көшесіне орташа жөндеу жүргізу жоспарланып отыр.

– Ауылымызда атқарылып жатқан жұмыстар аумқымды. Қазіргі таңда ауылға кіреберістегі «Қожақ» автомобиль көпіріне күрделі жөндеу жұмысы жүруде. Облыстық бюджеттен 292 млн 297 мың теңге қаражат бөлінді. Құрылыс-монтаж жұмыстарын «N Строй Сервис» ЖШС қолға алып, қыркүйек айында аяқтауға бекініп отыр. Көпірдің пайдалануға берілуі ауыл тұрғындарының көптен күткен өзекті мәселесін шешетін болады, – дейді ауыл әкімі Сәкен Әбдіжаппар.

Ауыл халқының «көгілдір отын» игілігін көретін күн де алыс емес. Газдандыру жұмыстарына 26 млн 269 мың теңге қаражат қаралған. Бүгінде үш елді мекенді ілеспе газбен қамту жұмысының жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, жоба мемлекеттік сараптамадан өтуде. Сараптама қорытындысы алынған соң, жоба республикалық бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын болады.

Ауылдық округ аумағы Сырдария өзені деңгейінен биік орналасуына байланысты жаз маусымында аяқсу тапшылығы туындайды. Мұның алдын алу мақсатында «ДСУ» учаскесіне электр желісі жеткізіліп, ауыл әкімі аппаратының меншігіндегі жана СНПЗ-500/10 электр насостық қондырғысы орнатылды. Нәтижесінде Қараөзек елді мекені аяқсумен толық қамтамасыз етілді. Одан бөлек Қараөзек ауылының көшелеріне аяқсу жеткізіліп отырған электр насостардың тозуына бай-

өзек» бекетінде балаларға арналған ойын алаңы салынатын болды. Бұл үшін жергілікті бюджеттен 5 млн теңге қаражат қаралып, қазіргі таңда жобаса қатысты мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Сонымен қатар, Жеңістің 80 жылдығына орай Қараөзек ауылындағы «Тағзым алаңына» ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды. Алаң аумағына қала орталығынан босаған брусчатқалар төселіп, көркі айшықтала түсті. Алдағы уақытта алаңның қоршауларын жаңарту да жоспарға енгізілген, – дейді ауыл әкімі.

Кәсіп ашқанға қолдау бар

Ауыл бойынша 197 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді. Оның ішінде 30 шаруа қожалығы, 1 ЖШС, 4 АӨК, 162 жеке кәсіпкер бар. Жыл басынан бері 6 кәсіпкерлік нысан тіркелген. Екі тұрақты жұмыс орны ашылды.

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында жыл басынан бері 2 азаматтың жылқы шаруашылығын дамытуға бағытталған жобасы қаржыландырылып, олар «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы 20 млн теңге көлемінде несие алған. Сонымен қатар, тағы 2 ауыл тұрғыны 3 млн 145 мың теңге көлемінде қайтарымысыз грант иеленіп, өз кәсібін бастауға мүмкіндік тапты.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында да игі істер қолға алынды. Атап айтқанда, биыл құны 2 млн теңгені құрайтын бір жоба қаржыландырылды. Кәсіпкер «Тоқылған

және трикотаж шұлық-ұйық бұйымдарын өндіру» ісін жүзеге асыруда. Қазіргі таңда қажетті тігін және тоқыма машиналары сатып алынып, дайын өнімдер қатарында шұлық, қолғап, сырт киімдер шығарылууда. Кәсіпкер 3 ауыл тұрғынын тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Ал «Өліп» шаруа қожалығының иесі Әліп Рақымжан 2018 жылдан бері мал шаруашылығын өрістетіп отыр. Қазір 800-ден аса қой, 60-қа жуық сиыр мен жылқы өсіруде. 2022 жылдан бастап кәсіпкер «Биогумус» органикалық тыңайтқышын өндіреді.

– Тыңайтқышты өндіру мақсатында «Сырдария-Көкшетау» несие серіктестігі арқылы 7 млн теңге жеңілдетілген несие алып, МТЗ-82 тракторы мен жетегін сатып алдым. Сол уақыттан бері мал шаруашылығымен қоса «Калифорниялық шылаушын» өсіріп келемін. Бастапқы уақытта 1 шаршы метр жерден басталған жұмыс қазіргі уақытта 100 шаршы метр аумақты қамтып отыр. Өндірген өнімді дикандар мен ағаш өсірумен айналысатын мекемелерге, негізгі бөлігін көкөніс өсіретін жеке тұрғындарға өткіземін. «Калифорниялық шылаушын» – тиімді кәсіптің көзі. Себебі, тамақты көп талғайды. Екі шаршы метрден жылына бір тонна биогумуска дейін алуға болады. Мұндай тыңайтқыш берілген жер төрт жылға дейін өзінің жоғары құнарлылығын сақтайды, – дейді кәсіпкер Әліп Рақымжан.

«Ауыл аманаты» жобасының игілігін көргендердің енді бірі – жеке кәсіпкер Рүстем Сатыбалдыұлы. Ол 2023 жылы 5 млн теңге несие алып, Қараөзек елді мекенінен нан-тоқаш, кондитерлік өнімдер мен жартылай фабрикалар шығаратын шағын цех ашқан. Кәсіпкердің кондитерлік өнімдері ауыл тұрғындары арасында үлкен сұранысқа ие. Үш елді мекенді нан өнімдерімен қамтамасыз ететін цехта 6 адам жұмыс істейді.

Жалпы кәсіпкерлердің мұндай бастамалары ауыл өміріне жаңа тыныс берді.

Әлеуметтік қолдау – басты назарда

Ауылдық округте экономикалық белсенді халық саны – 1756 адам. Оның ішінде 1132 адам жұмыс істесе, 598 адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтудың белсенді шаралары аясында «Күміс жас» бағдарламасына 7, жастар тәжірибесінен өтуге 2 адам қатыстырылса, қоғамдық жұмысқа 17 адам тартылған. Сондай-ақ 21 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Жыл басынан бері жұмыссыздар саны 26 адамды құрап, ауылдық округтегі жұмыссыздық деңгейі 1,5 пайыз шамасында болды.

Әлеуметтік қолдау бағытында да белсенділік бар. Мемлекет тарапынан 14 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалса, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен әлеуметтік жағынан аз қамтылған 47 отбасына азық-түлік пен тұрмыстық қажеттіліктер түрінде көмек көрсетілді.

Жалпы ауылдық округте атқарылып жатқан жұмыстар халықтың тұрмыс сапасын арттыруға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Жұмыспен қамту көрсеткішінің өсуі, әлеуметтік қолдаудың уақытылы көрсетілуі мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін дәлелдейді. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы шаралар жалғасып, ауыл экономикасының өркендеуіне, тұрғындардың әл-ауқатының жақсаруына өз ықпалын тигізбек.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»



БОКС

Әлем чемпионаты: Ел құрамасында кімдер бар?

Бокс деген бір сиқыр. Енді былғары қолғап шеберлері Англияның Ливерпуль қаласында өтетін Әлем чемпионатына барады. Оған қатысатын Қазақстан құрамасы белгілі болды.

Қазір еліміздің боксшылары Алматы облысында әзірлігін пысықтап жатыр. Ал соңғы дайындықты Шеффилд қаласында өткізеді. Онда 10-нан аса елдің боксшылары бой көрсетпек.

Сонымен еліміздің ерлер құрамасында кімдер бар? Бас бапкері Қайрат Сәтжанов сенім артқан боксшылар сапында Санжар Тәшкенбай (50 келі), Махмұд Сабырхан (55 келі), Бейбарыс Жексен (60 келі), Ертуған Зейнуллинов (65 келі), Торехан Сабырхан (70 келі), Сабыржан Аккалыков (75 келі), Нұрбек Оралбай (80 келі), Бекзат Нұрдаулетов (85 келі), Сағындық Тоғамбай (90 келі) мен Айбек Оралбай (90 келіден жоғары) бар.

Ал Елдос Сайлалин бастаған бапкерлер әйелдер құрамасына Назым Қызыбай (48 келі), Алуа Балқубекова (51 келі), Әлина Базарова (54 келі), Карина Ибрагимова (57 келі), Виктория Графеева (60 келі), Аида Әбікеева (65 келі), Наталья Богданова (70 келі), Надежда Рябец (75 келі), Гулсая Ержан (80 келі) және Елдана Тапилованы (80 келіден жоғары) енгізгені.

Қысқасы, қазақ боксының тағы бір қайраты сыналатын сәт жақын.

КОКПАР

Талғардағы тартыс

Алматы облысында көкпардан жасөспірімдер арасындағы ел чемпионаты өтіп жатыр. 14 команда арасында әуелі жеребе тартылып, 4 топқа бөлінді. Топтық кезең бойынша әуелі Қостанай мен Алматы облысының, Жамбыл мен Қарағанды облысының, Ақтөбе мен Қызылорда облысының командалары өзара мықтыны анықтайды. Маңғыстау облысы Алматы қаласымен, Түркістан облысы Шымкент қаласымен кездеседі. Бұған қоса, Батыс Қазақстан облысы және Ұлытау облыстары жолығады. Жасөспірімдер арасындағы жарыс 5 күнге созылып, жалпы қорытындысы 23 тамызда белгілі болмақ. Ал онан кейін алдағы айларда командалық көкпардан жастар және ересектер арасындағы ішкі біріншіліктер ұйымдастырылады деп хабарлайды 24.kz.

«СБ» ақпарат

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы»,
«Қызылординские
вести», «Ақмешіт
апталығы»,
«Ақмешіт жастары» және
ауданның барлық
басылымдарға
жарнама орналастырғыңыз
келсе: 70-00-52 телефоны
арқылы байланысуға
болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсы-
рыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір)
күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 22176

Талсырыс №1405

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА